

№ 97 мүліктік сатып алу-сату контрактісіне сәйкес мемлекеттік органдарға жүктелген міндеттемелерді орындау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 6 желтоқсан N 552-ө "Жамбыл ГРЭС" мемлекеттік кәсіпорны кешенінің Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Витол-Мұнай" жабық акционерлік қоғамы 1996 жылғы 5 қыркүйекте қол қойған N 97 мүліктік сатып алу-сату контрактісіне сәйкес мемлекеттік органдарға жүктелген міндеттемелерді орындау мақсатында:

1. "Қазақстанэнерго" ұлттық энергетикалық жүйесі мен "Южказэнерго" бірлестігі үш күндік мерзім ішінде "Жамбыл ГРЭС" мемлекеттік кәсіпорнының, осы объектіні жекешелендіру сәтінде бар дебиторлық және кредиторлық берешектерін қайта құрылымдауды олардың өзара есептемелерін толық көлемінде жүргізу жолымен жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі осы өкімнің атқарылуына көмек көрсетіп, бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр